

Карантинді алу және Көлтабан ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 21 "Карантин белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Көлтабан ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 9 желтоқсандағы № 46 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 10 желтоқсанда сәуірде № 7778 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Байғанин аудандық аумақтық инспекция басшысының 2020 жылғы 12 қарашадағы № 02-09-04/165 ұсынысы негізінде, Байғанин ауданы Көлтабан ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Байғанин ауданы Көлтабан ауылдық округінің Жарсай қыстағы аумағында мүйізді ірі қара малдары арасынан қарасан ауруының ошақтарын жою бойынша кешенді ветеринариялық іс-шаралары жүргізілуіне байланысты, белгіленген карантин алынсын.

2. Байғанин ауданы Көлтабан ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 21 "Карантин белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7514 болып тіркелген, 2020 жылғы 7 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Ақтөбе облысы Байғанин ауданы Көлтабан ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы шешімді оны ресми жариялағаннан кейін Байғанин аудандық әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Көлтабан ауылдық округінің әкімі

С. Бітімбай